



Роман Скляр Боао Азиялық форумына қатысты

Боао Азиялық форумының (БАФ) 24-ші сессиясына қатысу шеңберінде ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары Роман Скляр ҚХР Мемлекеттік кеңесінің вице-премьері Дин Сюэсянмен кездесті.

Кездесу барысында Роман Скляр Қазақстан–Қытай мәңгі әрі жан-жақты стратегиялық серіктестігін нығайтуға және сауда-экономикалық, инвестициялық, мәдени-гуманитарлық өзара ықпалдастықты одан әрі дамытуға күш салуға дайын екенін білдірді.


Дин Сюэсян екі ел арасындағы сауда-экономикалық байланыстарды тереңдетудің және мемлекеттер басшылары арасында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асырудың маңыздылығын атап өтті.

Тараптар ҚР–ҚХР Ынтымақтастық комитеті отырысының қорытындыларына оң баға беріп, өңіраралық ынтымақтастықты дамыту мәселелерін талқылады. Екі ел үкіметтерінің басшылығы деңгейіндегі тұрақты кездесулердің маңыздылығын атап өтіп, барлық өзекті екіжақты мәселелер бойынша тығыз жұмыс байланыстарын сақтауға келісті.

Роман Скляр қытайлық әріптесін Қазақстанға сапармен келуге шақырды.

ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары Роман Скляр «Өзгермелі әлемдегі Азия: ортақ болашақ жолында» тақырыбында өткен Боао Азиялық форумының 24-ші сессиясының ашылу салтанатына қатысты.

Форумға 60-тан астам елден келген делегациялардың басшылары және 2 мыңнан астам үкіметтік ұйымдардың же-



текшілері, ірі компаниялардың, ғылыми топтардың өкілдері және сарапшылар қатысты.

Роман Скляр БАФ шеңберінде «Жаһандық жеткізу тізбегінің тұрақтылығын сақтау: байланыстың рөлі» тақырыбында өткен панельдік сессиясында негізгі спикер ретінде сөз сөйледі. Өз сөзінде ол Азия елдері арасындағы сауда-экономикалық және көлік-логистикалық ынтымақтастықты нығайтудың маңыздылығына, сауда кедергілерін азайту және жаңа көлік бағдарларын қалыптастыру бойынша бірлескен жұмысқа, сондай-ақ өзара жеткізу тізбектерін жетілдіру үшін цифрлық технологиялар мен жасанды интеллекттің қолдануға қатысушылардың назарын аударды. Қазақстан делегациясының басшысы Азия құрлығы елдеріне жаңа мүмкіндіктер «терезесін» аша отырып, тығыз байланыс орнатуға шақырды.

Қазақстанға келуші шетелдіктер көбейген

Бұл туралы ОКҚ алаңында ІІМ қарасты Көші-қон комитетінің төрағасы Аслан Аталықов айтты.

Спикердің айтуынша, соңғы жылдары елге келуші шетелдіктердің саны артқан. Осы күндері 87 мемлекеттің азаматтары елімізге визасыз кіре алады. 109 мемлекеттің

азаматтары электрондық визаны рәсімдей алады.

«Былтыр елімізге 15 млн-нан астам шетелдік кіріп-шықты. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 1 млн-ға артық. Биыл Қазақстанға 2 млн 800 мың шетелдіктің кіруі белгіленді», деді А.Аталықов.

«Созақ үні»-ақпарат.

Мемлекет басшысының Алматыдағы резиденциясында Қазақстан мен Өзбекстан президенттерінің бейресми кездесуі өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев мәртебелі мейманның Алматыға сапармен келгеніне ризашылық білдіріп, мұндай бейресми кездесулер жақсы дәстүрге айналғанын айтты.

Бұл-бауырлас, достас мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты дамыту мақсатында атқарылып жатқан жұмысты іскерлік сипатта тағы бір талқылауға орайлы сәт. Біз-одақтас елдерміз. Екі ел арасындағы ықпалдастық тұтас Орталық Азия өңіріндегі жағдайға тікелей әсер етеді, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы бауырлас халықтарды жақындасты-



Қ.Тоқаев пен Ш.Мирзиёев Алматыда бейресми кездесу өткізді

руға, аймақтың орнықты және қауіпсіз дамуындағы ортақ мақсаттарды ілгерілетуге Шавкат Мирзиёевтің зор үлес қосқанын атап өтті.

–Қазақстандықтар Сізді жақсы таниды және аса құрметтейді. Сіздің мықты әрі абыройлы көшбасшылығыңыздың арқасында Өзбекстан қарқынды дамып келеді. Өткен жылы өзбек экономикасының өсімі 6 пайыздан асқанын білеміз. Экономиканың барлық секторындағы мақсатты көрсеткіштер жоспарға сай атқарылып жатыр. Өзбекстан неғұрлым табысты дамыған сайын, біздің елдеріміз арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық та соғұрлым сапалы болады. Сондықтан бүгінгі кездесуде нақты мәселелер бойынша пікір алмасамыз деп ойлаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде Өзбекстан Пре-

зиденті екіжақты байланыстарды нығайтуды көздейтін бүгінгі кездесудің маңызына тоқталды.

–Мені өзіңіздің туған жеріңіз, атап айтқанда, Алматы қаласында достық пейілмен, екі халықтың дәстүріне сай ілтипатпен қарсы алып жатқаныңызға рақмет. Өзімнің және халқымның атынан ризашылығымды білдіремін. Соңғы жылдары қарым-қатынасымыз мүлдем жаңа деңгейге көтерілді. Біз-одақтаспыз. Өзара сыйластығымыздың арқасында көптеген мәселе шешімін тауып келеді, екеуара уағдаластықтардың барлығы іске асырылып жатыр. Нақты нәтижелер бар. Сізді Қазақстанның зор табыстарға жетуімен құттықтаймын. Экономикаларыңыз дамып келеді, жетістіктеріңіз жоғары. Бірінші тоқсанды 5,4 пайызбен қорытындылап отырсыздар. Бүгінгі кездесуіміздің сипаты

ресми болмаса да, мен үлкен құраммен келдім. Дегенмен әрбір осындай бейресми жүздесулер біздің байланыстарымызға, барлық келісімдеріміздің орындалуына тың серпін береді, – деді Шавкат Мирзиёев.

Тараптар саяси, сауда-экономикалық, көлік-логистикалық, инвестициялық, энергетикалық, су шаруашылығы, өнеркәсіп кооперациясы және туризм салаларындағы өзара ықпалдастықтың перспективасын жан-жақты талқылады. Мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамытуға ерекше назар аударылды.

Сонымен қатар өңірлік және халықаралық күн тәртібінің өзекті мәселелері қарастырылды.

Кездесу соңында президенттер қазақ-өзбек стратегиялық серіктестігін одан әрі тереңдетуге бейіл екенін растады.

Денсаулық сақтау министрлігі онкологиялық тексерістен кімдер тегін өтетінін айтты

Елімізде онкологиялық аурулардың алдын алу мақсатында тексеріс шаралары жүріп жатыр. Осыған орай Денсаулық сақтау министрлігі онкоскринингтен кімдер тегін өте алатынын айтып берді.

Тексеріс пациенттің тіркелген жері бойынша медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдарында жүргізіледі. Медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдары пациентке қоңырау салу, SMS жолдау арқылы хабарлайды. Одан бөлек мамандар үйлерді аралап, тұрғындарды ақпараттандырады.

–Сүт безі обырын ерте анықтау үшін: сүт безінің қатерлі ісіктерімен динамикалық байқауда тұрмаған 40, 42, 44, 46, 48, 50, 52, 54, 56, 58, 60, 62, 64, 66, 68, 70 жастағы әйелдер; Жатыр мойны обырын ерте анықтау үшін: жатыр мойнының қатерлі ісіктерімен дина-

микалық бақылауда тұрмаған 30, 34, 38, 42, 46, 50, 54, 58, 62, 66, 70 жастағы әйелдер;

Колоректалды обырды ерте анықтау үшін: жуан ішектің қатерсіз және қатерлі ісіктерімен динамикалық байқауда тұрмаған 50, 52, 54, 56, 58, 60, 62, 64, 66, 68, 70 жастағы ерлер мен әйелдер өте алады, – дейді министрлік мамандары.

Мұндай тексерістер жоғарыда аталған обыр түрлерімен динамикалық бақылауда тұрмайтын, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде сақтандырылған азаматтарға жүргізіледі.

–Скрининг шеңберінде аурулардың диагностикасы диагнозды морфологиялық верификациялау деңгейіне дейін жүргізіледі, одан әрі аурудың таралу дәрежесін анықтау үшін зерттеп-қарау талап етіледі. Обыр алды процестер анықталған жағдайда, пациенттер

онкологтың консультациясынан өте алады. Қазіргі уақытта өңірлік онкологиялық орталықтардың базасында, сараптамалық эндоскопиялық орталықтар құрылған. Скринингтен өтетін пациенттер арасында диагностикалық эндоскопиялық зерттеулерді ғана жүзеге асырып қоймай, сауықтырудан өтеді және динамикалық бақылауға алынады, – дейді Денсаулық сақтау министрлігі.

Министрліктің дерегінше, скрининг әзірге МӘМС есебінен қаржыландырылады. Онкологиялық скринингті халыққа тегін көрсетілетін медициналық қызметтер тізіміне енгізуді жоспарланып отырғандарын хабарлады. Заңнамалық акт қабылданса, аталған тексеріс түрлері міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде сақтандырылмаған азаматтарға да тегін жүргізіледі.

Аудан орталығындағы «Айшуақ» мемлекеттік қазыналық кәсіпорны бөбекжай балабақшасында Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігі балаларды ерте дамыту институтының мамандары, өңірлік білім басқармаларының мектепке дейінгі білім беруге жауапты мамандары, облыстық, қалалық әдістемелік орталықтар мен кабинеттердің әдіскерлері, балабақша меңгерушілері мен әдіскерлері, тәрбиешілері мен педагогтарының бастары құралған, республикамыздың облыстары мен аудандарынан келген 50-ден астам қонақтар бас қосқан семинар офлайн, онлайн тәртібімен өтті.

Басынан бастап айтсақ, «Айшуақ» бөбекжай бақшасында бастау алған Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігі «Балаларды ерте дамыту институты Түркістан облысы білім басқармасының Білім беруді дамыту орталығының Ұйымдастыруымен «Заманауи ауылдық мектепке дейінгі ұйым: ізденістер мен нәтижелер» атты қызыреттілік орталықтары, мо-



Семинарға қайта келсек, «Дербестік пен өз-өзіне сену» тақырыбындағы өткізілген тренингті ауданымыздағы «Болашақ» бөбекжай бақшасының әдіскері Алтыбаева Меруерт жүргізсе, «Заманауи тәсілдер» сапалы қызметтің кілті шебер сыныбын «Балдырған» бөбекжай бақшасының психологы Абдуллаева Гүлназира мен «Ертөстік» бөбекжай бақшасының психологы Оспанова Мәрзия жүргізді.

«Ал, тастамайық, жасайық, жаңа өмір сыйлайық!» экологиялық сабағын «Таукент гүлдері» бөбекжай бақшасының тәрбиешісі Әбілдаева Райхан, «Мектепке дейінгі ұйыммен қамтылған балаларды дамытуға арналған үй жағдайындағы ойындарды «Таукент гүлдері» бөбекжай бақшасының әдіскері Исатаева Гүлжан жан жақты жүргізді. Мектепке дейінгі білім беру жүйесінің мазмұны мен білім сабақтастығындағы қолданылатын әдіс түрлерін жетілдіру жолдары» тақырыбын коучинг түрінде «Самал» бөбекжай бақшасының

«АЙШУАҚТА» ӨТКЕН АЙШЫҚТЫ ШАРА

билді топтар, консультациялық пунктердің республикалық семинарын Түркістан облысы Білім басқармасының білім беруді дамыту орталығының мектепке дейінгі білім беру бөлімінің әдіскері Кульбаева Гульмира Абдуатқызы құттықтау сөзбен ашып, өзі жүргізіп отырды. Созақ аудандық білім бөлімінің бас маманы Мамыр Әбдиев алыс-жақыннан ат арытып келген семинар қонақтарына қош келдіңіздер деп, семинар

Айсұлу мен ассисент ата-ана Байымбет Мөлдір, «Мен таңдаған мамандық» тақырыбында тәрбиеші Доспанова Әйгерім мен ассисент ата-ана Жайнақ Ғазиза, «Табиғат біздің досымыз» тақырыбында тәрбиеші Жүнісәлиева Мереке мен ассисент ата-ана «Ұлт жанды бала» тақырыбында ассисент ата-аналармен апробациялық жұмыстар жасаған «Айшуақ» бөбекжай-бақшасының меңгерушісі Есмұратова Гүлшат Есбергенқызы кең көлемді сабақ өтті.

басы бойынша ата-анамен іс жүзінде тығыз жұмыс жасап жатқан мектепке дейінгі білім беру мекемесі осы «Айшуақ» бөбекжайы. Ата-аналар бір күн тәрбиешімен бірге жүріп бөбекжайда ассисент-ата-ана тәрбиеші ролінде жұмыс жасайды, тәрбиешілердің жұмыстарымен жақын танысады, бөбекжайдың ішкі тыныс-тіршілігімен жақын таныса, қаныға түседі. Елімізде көптеген бөбекжайлар бұл үрдісті ары қарай дамытып алып кете алмады. Ал «Айшуақта»

меңгерушісі Гүлжахан Мұхитдинова жоғары деңгейде алып шықты. Бұл барлық тәрбиешілер мен әдіскерлер талдаған сабақтардан бір бас жоғары екенін келген сарапшылар да мойындай білді. Барлық сабақтар өтіп болған соң «Еркін микрофон» алдында семинарға қатысушылар өздерінің алған әсерлері, ой пікірлер мен ұсыныстарын ортаға салды. Еліміздің түкпір-түкпірінен келген семинар қонақтары семинардың бағдарламасы аясында «Айшуақ» бөбекжай бақшасының ішкі және сыртқы аумағына саяхат жасады. Осы семинар барысында өз саласын аз жылдар көлемінде шебер меңгере білген Созақ ауданы білім бөлімінің мектепке дейінгі ұйымдарға жауапты әдіскері Әйгерім Нұрланқызы Смайлованың да семинардың жоғары деңгейде өтуіне белсенді атсалысқанын әріптестері де зор ризашылықпен айтуда.

Түс қайта Түркістан қаласындағы «Фараб» әмбебап ғылыми кітапханасында Ордабасы, Созақ, Сайрам аудандарына бөлінген семинарға қатысушылардың бастары тоқайласты. Музыкалық ән шашудан кейін кітапхана төріне көтерілген ҚР Оқу ағарту министрлігі «Балаларды ерте дамыту институтының директоры Мария Ерманова, оқу-ағарту министрлігінің мектепке дейінгі білім беру департаменті тәрбие мен оқытудың мазмұны мен әдіснама басқармасының басшысы Бағымкүл Көптілеуова, Түркістан облысы білім басқармасының Жандос Маханбетов, облыстық білім беруді дамыту орталығының директоры Бақытжан Төлімбетов, аталмыш ауқымды семинарды жүрекжарды ақ тілектерімен ашты. Осы сәттен кейін бірінен соң бірі болып спикерлеріміз шықты. Олар ескелең ұрпаққа сапалы білім беру және тәрбие берудегі Түркістан облысының жұмыс тәжірибесімен ұлттық құндылықтар мен бала тәрбиесінің негізі» тақырыбында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры Айгүл Жұмаділдаева, Кентау қалалық білім бөлімінің әдіскері Гүлвира Кәрімова өз салалары бойынша іскерлік тәжірибелерімен бөлісті. Осылайша таң азаннан күн батқанға дейін созылған ауқымды семинар өз жұмысын сәтті аяқтады.

Семинарда соңғы пленарлық мәжілісті қорытындылап оқу-ағарту министрлігіне бірқатар ұсынымдар жобасы ұсынылды.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
Созақ ауданы білім бөлімінің
жанындағы ата-аналар комитетінің төрағасы.



жұмысына сәттілік тіледі. Осыншама үлкен шараға жауапты маман ретінде Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігінің мектепке дейінгі білім беру департаменті тәрбие мен оқытудың мазмұны мен әдістемесі басқармасының басшысы Көптілеуова Бағымкүл Әбубәкірқызы жалпы басшылық жасады.

Сонымен республикалық семинар өңіріміздің Сайрам, Ордабасы, Созақ аудандарында бір күнде, бір мезгілде өтті. Бұл негізінен үлкен ауқымды шара болды.

Семинардың мақсаты мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын арттыру мақсатында Түркістан облысының мобильді топтары, қызыреттілік орталықтарының және консультациялық пунктердің озат іс-тәжірибелерін жинақтау және тарату екені бесенеден белгілі еді.

Аталмыш семинар «Жаңа бағыт: сапалы қызмет, тиімді әдістер» деген беташар тақырыппен ашылды. Одан әрі «Баланы мектепке педагогикалық және психологиялық тұрғыда даярлау әдістері» туралы Түркістан облысы білім басқармасының білім беруді дамыту орталығының мектепке дейінгі білім беру бөлімінің әдіскері Кульбаев Гульмира Абдуатқызы, «Жас зерттеушілер» тақырыбында «Айшуақ» МКҚК бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі Елшібекова

Жалпы бұл семинарда бұл бөбекжай-бақшаның басқа бөбекжай-бақшалардан өзгешелігі осында, Білім министрлігінің 2024-2025 жылдарға арналған «Жол картасы» жо-

бұл жұмыстар толықтай бір арнаға түскен. Сол себепті де республика деңгейінде семинар өткізуі сол еселі жұмыстарының, ауызбіршілігі мен ынтымағының жемісі деп білеміз.



Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында дін, идеология, руханият саласына кеңірек бөлінбей қалғаны рас. Жетпіс жыл атеистік кезеңнен шөлікке шыққан халқымызға діннің, ұлтымыздың рухани қндылықтары өте қажет болды. Мұның орнын толтыру үшін ұлт пен діннің жоғын жоқтаушы азаматтарымыз халықты исламмен қайта қауыштыру үшін, ислам діні кең таралған араб елдеріне діни білім алуға аттанып жатты.

Ислам әлемінің белді университеттерінде оқып, білікті мамандардан білім алған жастарымыз исламның қайнарынан сусындап, қазіргі

діни білім беретін оқу орындарына бақылаудың жоқтығы, олардың жеке дара түрлі бағыттарда болуы халықтың діни түсінігінің әрқилы қалыптасуына алып келді.

2011 жылы 11 қазандағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заң қабылданып, еліміздегі діни жағдайды реттеудің алғашқы қадамдары жасалды. Діни ұйымдар қайта тіркеуден өтіп, 48 діни конфессиядан 17-ге қысқарды. Діни ұйымдардың жұмысына бақылау күшейіп, діни білім беру бір жүйеге қойыла бастады.

Елімізде исламдық діни білім Қазақстан Мұсылмандары Діни

тыр.

Алматы қаласында орналасқан Нұр-Мұбарак Египет Ислам мәдениеті университеті дінтанушы, теолог, исламтану мамандарын даярлап жатыр.

Бүгінгі күн талабына сәйкес дін мамандары басқа ғылым салаларымен етене жұмыс жасай алуы тиіс. Өйткені жат ағымдармен күресте тек қана діни білім емес психология, әлеуметтану, философия ғылымдары мен тіл мамандарының көмегі ауадай қажет екені рас. Сол себептен дінтану, теология, исламтану мамандықтарымен қатар, психология-дінтану, философия-дінта-

Шәкәрімнің ислам жайындағы көзқарасы және Мәшһүр Жүсіптің діни танымы

Шәкәрім—исламды зерттеп, оны ақыл мен логика арқылы түсіндіруге тырысқан ойшыл. Оның шығармаларында дін тек догма емес, адамзаттың рухани кемелденуіне қызмет ететін құрал ретінде қарастырылады. Ол исламды зерттей отырып, діннің негізгі мақсаты әділет, мейірім және ар-ұят екенін айтады.

Шәкәрімнің «Үш анық» еңбегінде ол үш нәрсені ақиқат деп есептейді:

Жаратушы (Құдай) бар екені — ол әлемнің жаратылысын, тіршіліктің мағынасын түсіндіреді.

Рухтың мәңгілігі—адам жаны өлмейді, ол ақыретте сұралады. Жақсылық пен жамандықтың заңдылығы—адам өмірі әділет заңдылығына бағынады. Осы еңбегінде ол Батыс философиясын, шығыс ілімдерін, оның ішінде исламды да талдайды. Оның ойынша, дін мен ғылым үйлесуі керек, өйткені тек соқыр сенім адамның дамуына кедергі келтіреді.

Шәкәрім исламды қабылдағанымен, оның дұрыс түсінілуіне баса мән береді. Ол діннің догмаға айналып, фанатизмге ұласуын сынайды. Оның мына сөздері осы ұстанымын дәлелдейді:

«Адамның алды — дін, арты—надандардың сөзі». Бұл арқылы ол дінді дұрыс түсінбей, оны жеке пайдасына пайдаланатын адамдарды сынға алады.

Шәкәрімнің көзқарасы бойынша, адам дінді шын жүреппен, ақылмен қабылдауы керек, тек сыртқы ғұрыптармен шектелу — надандық. Ол сопылық (тасаввуф) философиясына да жақын болды, бірақ сонымен бірге рационализмді де ұстанды.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы — дәстүрлі исламды ұстанған ғлама. Ол исламды қазақ халқының әдет-ғұрыпымен, ұлттық танымымен үйлестіріп насихаттады. Оның еңбектерінде исламның тәрбиелік, рухани қндылықтарына ерекше мән береді.

Мәшһүр Жүсіптің еңбектерінде ислам қазақтың дәстүрімен қабысып беріледі. Ол намаз, ораза сияқты парыздарды орындаумен қатар, адамгершілік, адалдық, мейірім сынды қасиеттерді жоғары қояды.

Ол былай дейді: «Мұсылмандық—жүректегі иманмен өлшенеді, ал намаз, ораза—соның айғағы». Бұл жерде ол діннің сыртқы атрибуттарына емес, ішкі мәніне баса назар аударуды насихаттайды.

Оның еңбектері Қожа Ахмет Ясауидің хикмет дәстүрімен үндеседі. Ол өз шығармаларында Пайғамбарымыздың (с.а.с) өмірін, сахабалардың ғұбратты оқиғаларын, діннің қазақ қоғамындағы рөлін түсіндіреді.

Оның басты көзқарастары:
-Дін—адамның жүрегіндегі тазалық болуы керек;

-Құран мен хадисті дұрыс түсініп, білімге ұмтылу қажет;

-Қазақ халқының дәстүрі мен діни үйлесімді болуы тиіс;

-Діни білімнің маңыздылығы.

Мәшһүр Жүсіп мол білім иесі болған. Ол діни ілімдерді халыққа түсінікті етіп жеткізуге тырысты. Оның жазбаларында қазақ фольклоры мен исламдық хикметтер үйлесім тапқан.

Ол былай дейді: «Ғылымсыз дін — соқыр, дінсіз ғылым—ақсақ». Бұл сөзі оның исламды ғылыммен қатар алып жүру керек деген ойда болғанын көрсетеді.

Қорыта келе Шәкәрім мен Мәшһүр Жүсіптің ислам туралы көзқарастары ұқсас, бірақ айырмашылықтары да бар:

Шәкәрім—исламды философиялық тұрғыдан зерттеді, ақыл мен ғылымды діннен бөле-жара қарастырмай, үйлестіру керек деп санады.

Мәшһүр Жүсіп—дәстүрлі исламды қазақ мәдениетімен байланыстыра отырып түсіндірді, халықтың діни сауатын ашуға күш салды.

Екеуі де исламды адамгершілік пен әділеттің негізі деп санады, бірақ Шәкәрім рационалистік бағытты тандаса, Мәшһүр Жүсіп дәстүрлі діни ағартушылыққа басымдық берді.

Қ.САЛЫҚБАЕВ,

Ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің басшысы.

Отандық діни білім берудің маңыздылығы

таңда еліміздегі дін саласының мамандары ретінде жұмыс жасап жатқан азаматтар бар.

Алайда заңды діни оқу орындарынан бөлек, күмәнді діни оқу орнын аяқтаған кейбір жастарымыз сол жақтағы астыртын, жасырын діни ұйымдардың қатарына қосылып жатты. Мұндай күмәнді оқу орнын оқыған жастар елімізге келгеннен кейін, еліміздің діни-рухани ерекшелігін ескермей, халықтың салт-дәстүрін жоққа шығарып, түрлі дау-дамайлар мен елдің ауызбіршілігін кетіретін жағдайларға алып келді. Одан бөлек деструктивті діни ұйымдардың қатарына қосылған өз азаматтарымыз тарапынан террористік оқиғалардың ортасынан табылып жатты. Өз елінен, жерінен, ата-анасы мен туған-туыстарынан безінген жастарымыз пайда болды.

Одан қала берді 1992 жылы 15 қаңтарда қабылданған «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңда діни бірлестіктердің заңды түрде тіркелуіне орасан зор мүмкіндіктер беріліп, елімізде сырттан келген діни ұйымдардың еркін жұмыс жасауына, олардың елімізде кең қанат жаюына алып келді. Елімізде 2011 жылы 48 діни конфессия болғанын осыдан ақ көруімізге болады. Сонымен қатар

Басқармасының құзырына беріліп, барлық мешіттер, діни оқу орындары, медреселер, Құран жаттау орталықтары бір орталыққа жүгінетін болды. Бұл ел арасындағы әркелкіліктің алдын алып, бүкіл Қазақстан мұсылман жұртшылығының діни түсінігі Ханафи-Матуриди мазхабтарының аясында дамитын болды.

Елімізде «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы» республикалық ислами діни бірлестігіне (ҚМДБ) қарасты 9 медресе, республикалық Имамдардың білімін жетілдіру ислам институты, республикалық қарилар дайындау орталығы сияқты діни білім беру ұйымдары қызмет атқарады.

Дегенмен елімізді дінді ғылыми-академиялық түрде зерттеу тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында-ақ басталған болатын. Сол кезде жаңадан ашылған Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің алғаш ашылған мамандықтар қатарында Қазақстан бойынша алғаш жұмысын бастаған дінтану кафедрасы да бар болатын. Университет осы уақыт ішінде еліміздегі ең білікті дін саласындағы мамандарды даярлап, олар Қазақстанның дін саласындағы барлық орындарда қызмет атқарып жа-

ну, араб тілі-дінтану сияқты бірлескен мамандықтарды оқыту қолға алынып жатыр.

Бұл мамандықтардың ерекшелігі дінді тек сырттай талдау, бағалау, пайымдаумен шектелмей, діндердің ішкі болмысын зерделей оқытату. Дін ұстанушының сана сезімін зерттейтін, түсіндіретін пәндер тағылымын тәжірибемен ұштастыруға, дінтану ғылымын өз кезегінде екінші бір шетін көзқарас болып табылатын атеизм ұстанымдарын біржақты қабылдаудан сақ болуға мүмкіндік беретін аталған мамандықтың еліміздің діни және дінтанулық білім жүйесінде өзіндік орны болары сөзсіз.

Діни және дінтанулық білім бір-бірінен ажыратылғанымен, түпкі мақсаты бір. Ол—дін туралы түсінікті дұрыс қалыптастыруға, теріс көзқарастардан сақ болуға, өзге діндер мен сенімдерге құрметпен қарауға, дәстүрлі рухани қндылықтарды қадірлеуге, «имандылық» ұғымын дұрыс түсінуге және бағалай білуге жетелеу. Ол үшін діни білімін отандық оқу орындарында алу маңызды.

Б.ӨТЕГЕН,

Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің теолог маманы.

Қоғамдағы тәртіпті сақтау-маңызды міндет

Қандай да бір болмасын мемлекеттің қалыпты өмір сүруінің маңызды және міндетті элементтерінің бірі қоғамдық тәртіп болып табылады. Бұл элементтің тұрақтылығын қалыптастырмай мемлекеттің, қоғамның тыныс-тіршілігін елестету мүмкін емес.

Жазушы Мұхтар Әуезов: «Қай істің болсын өнуіне үш шарт бар: ең әуелі—ниет керек, одан соң—күш керек, одан соң—тәртіп керек» деуінде үлкен мән-мағына бар. Батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы: «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бағынған құл болмайды», —деген.

Қоғамдық тәртіпті сақтауға заңға бағыну, адамдардың құқығына құрметпен қарау, жол ережесін бұзбау, өзгелерге зиян бермеу, табиғатты ластамау сияқты т.б. істер жатады.

Қандай да бір қоғамда адами қндылықтардың жоғалуының басты себептерінің бірі-адамдар бір-бірінің қадірін бағаламау екені анық. Ағайынның, достың, әріптестің, тіпті бауырының сыртынан ғайбат айтып, күндеу, көреалмау, қызғану секілді жағымсыз әрекеттер қоғам тыныштығын бұзатыны сөзсіз. Қоғам дұрыс болу үшін әрбір адам тілімен де, қолымен де ешкімге зиян тигізбеуі керек. Дәстүрлі ислам дініде, өзге діндерде адам баласының бір-біріне бауыр екендігін жадына салып, өзара сүйіспеншілікті терең нығайтуға шақырады. «Тәртіп — тәрбие бастауы, тәртіпсіздік — өміріңнің қас жа-

уы» деп айтылғанындай қоғамдық тәртіпті сақтауды діннің талабы деп білуі тиіс. Адамдардың дұрыс өмір сүруі үшін әрбір адам қоғамдық тәртіпті сақтауы маңызды. Қоғамдық тәртіпті сақтамай, өзгелерге зиян тигізу күнәлі іс. Алла Тағала қасиетті Құранның «Ахзаб» сүресі, 58-аятында: «Сондай мүмкін ер, мүмкін әйелдерге жазықсыз зиян тигізгендер, әрине олар: жала жауып, ашық күнә арқалап алды», — деп айтқан.

Ислам тарихында орын алған Ухуд шайқасында садақшылардың Алла Елшісі (с.а.с.) айтқан тәртіпке бағынбай, таудан түсіп кеткені үшін мұсылмандардың жеңіліске ұшырауы баршамамызға үлкен ғұбрат.

Ислам діні біздерге Жаратушы Аллаға қатысты міндеттерімізді үйретіп, оның бұйрықтарын орындап, тыйыл дегендерінен тыйылуымызды баян етумен қатар қоғамда өзге адамдарға деген жауапкершілік міндеттерімізді де жүктейді.

Қоғам деп—мәдениеті ортақ, белгілі бір аумақта тұратын және өздерін біртұтас деп білетін адамдар тобын айтамыз. Мұсылман адам қоғамда өмір сүргендіктен өзге адамдардың алдындағы жауапкершілігі мен міндеттерін білуі қажет.

Қазақ халқында: «Кекшіл болма, көпшіл бол», «Туысы бірдің уысы бір», «Туған жер—тұғырың, туған ел—қыдырың» деген көптеген мақал-мәтелдерінде қоғаммен бірге жүре-

САЙЫН ДАЛА ТӨСІНДЕ

Ел басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен 2025 жыл «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жарияланды - бұл экономикалық тұрақтылық пен әлеуметтік прогрестің басты факторы ретінде жұмысшы кәсіптерінің рөлін күшейтудегі стратегиялық қадам. Бұл шешім елдің тұрақты өсуі мен инновациялық дамуын қамтамасыз етуде шешуші рөл атқаратын білікті мамандардың дамытудың маңыздылығын көрсетеді. Білікті мамандықтар біліктілік жүйесімен тікелей байланысты, ал кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық орган құзыреттерді бағалау мен танудың ашық және заманауи жүйесін құру бойынша белсенді жұмыс жүргізуде. Жұмысшы мамандықтары жылы аясында біз алдымен мына жайттарға ерекше назар аударамыз. Ол алдымен еңбек мамандықтары бойынша зейнеткерлікке шыққан. Ел еңбегін таныған. Халықтың ыстық ықыласына бөленген еңбек адамдары туралы мақалалар жазу арқылы еңбек мамандықтарына жастарды насихаттау. Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, кәсіптік стандарттар мен білім беру бағдарламаларын жетілдіру. Біліктілікті бағалау және тану тетіктерін әзірлеу, мамандардың заманауи талаптарға сай болуын қамтамасыз ету. Білім беру мен өндірістің байланысын нығайту, тәжірибеге бағытталған оқыту мен тәлімгерлікті енгізу. Жұмысшы мамандықтар орындарының беделін арттыру және мамандардың кәсіптік өсуіне жағдай жасау. Жұмысшы мамандықтар орындарын дамыту - ел болашағына, оның технологиялық және экономикалық дамуына салынған инвестиция. Біз бірігіп, әр маманның құзыреттілігін тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін тиімді және заманауи біліктілік жүйесін құрудамыз.


Науанов Совет 1938 жылы мамырдың бірінші жұлдызы күні Қызылкөл ауылында дүниеге келген. 1945 жылы Қызылкөл ауылында бастауыш мектепте оқыды. Оны бітірген соң Құмкенттегі орта лау мектепті 1952 жылы бітірген соң, оқуын жалғастырып аудан орталығы Шолаққорғанда оқыды. Кейін отбасылық жағдайлармен оқуды тастап кетті. 1957 жылы армия қатарына алынды. 1960 жылы қарашада бітіріп ауылға оралды. 1961 жылдан Құмкент совхозында тракторист болып жұмыс жасады. Оның ішінде К-700 тракторын айдады, оқуын бітіріп келіп



Механизаторлықтан зейнетке шыққан

фермада тракторшылар бригадирі болып істеді. 1993 жылы Үкіметтің қаулысымен 55 жасында зейнеткерлікке шықты. Содан бері бес уақыт намазын оқып, қариялық жолымен келеді. 2001 жылы Қызылкөл ауылына кәсіпкер, меценат Бегманұлы Әлкен есімді азамат өз қаражаты-

мен мешіт салып берген болатын. Содан бері ауыл ақсақалдарымен бірге мешітке барып намаз оқып, ауыл жастары арасында имандылықты, әдептілікті, адамгершілікті насихаттуда. 2006 жылдан бері «Зұлпықар қожа» мешітінде имам болып істейді.



Зоотехник, ерекше мамандық иесі

Бидүйсенев Елібай 1940 жылы 15 шілдеде «Талапты» ауылында дүниеге келген. 1947-1954 жылдары «Талапты» ауылдық жеті жылдық мектебін аяқтап, одан әрі білімін жалғастырып 1954-1957 жылдары Созақ ауылындағы Ленин атындағы орта мектепті бітіріп шығады. 1957-1959 жылдар аралығында «Созақ» совхозында арбакеш болып еңбек жолын бастайды.

1959-1962 жылдар аралығында Украина советтік социалистік республикасында әскер

кездегі саясат бойынша 55 жасында зейнеткерлік демалысқа шығады. 1997-1999 жылдар аралығында «Ынтымақ» кооперативінде қызмет жасады.

1969 жылы Шиелі ауданының қызы Дүрімбетова Назираға үйленіп, 6 ұл, 1 қыз өсіріп, бәрін оқытып әрқайсысын бір-бір үй қылып, отырған үлкен отбасының иесі. Бүгінгі күні аяулы жары екеуі 14 немере, 7 шөберенің қызығын көріп отырған елге сыйлы қариялар.

Туған күні сегізінші наурызда

Тасты ауылының тұрғыны Тайшықова Рымкүл 1932 жылы 8 наурыз күні қазіргі Қызылорда қаласында шаруа отбасында дүниеге келген. Әкесі мүмкіндігі шектеулі азамат болған соң анасына көмек беремін деп бейнетке ерте араласты. 9-10 жасынан бастап масақ теріп, талқан түйіп, тері илеп, түйенің жүнінен киім тоқуды үйреніп, анасының қасында жүріп еңбек етті.

1943-1944 жылдары анасы солдаттарға қолдан келгенше ас-ауқат, қолдан тоқылған киімнен көмек беріп отырған. Соның басы-қасында жүріп анасымен бірдей еңбек етті. Түйемен көшіп-қонып жүріп 1947-1948 жылдары Тасты совхозына көшіп келеді. 1948 жылы совхозда тұрмыс құрып, совхоздың малын бағып, үй шаруашылығымен айналысты. Жұбайы Тайшықұлы Бақытжан көкеміз екеуі отбасылық жанұяда өмірге үш



ұл, сегіз қыз баланы дүниеге әкеліп тәрбиелеп өсірді. Қазіргі таңда 93 жасқа толып 70 немере, 168 шөбере, 15 шөпшек сүйіп отыр. Бейнеттің зейнетін көріп отырған үлгілі отбасының ардақты әжесі.

Шаруа қожалығының иесі



Пентаев Болғанбек 1939 жылы 12 қарашада Тасарық колхозында дүниеге келді. 1946 жылы 7 жасқа келгенде Құмкент бастауыш мектепке 1 сыныпқа барды. 1955 жылы Шолаққорған ауылындағы Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектебін оқып онжылдықты бітіреді. Әкесі ауылда мал бағатын. Бір жолы әкесі қатты науқастанды. Ауылға келіп әкесіне жәрдем беріп мал бақты. Жаз айларында малды таратып, совхозға жұмысшы болып кірді. 1958 жылы ауылда құрылыста істеді. 1958 жылы Созақ ауылындағы училищеге оқуға барды. Училищені тәмамдаған соң совхозға тракторист болып орналасты.

1964 жылы №2 ферманың тракторшылар бригадасының бригадирі болды.

1965 жылы Түркістан қаласындағы СПТУ-да оқыды. Одан келген соң жем, шөп суландыру жөнінде механик болып істеді. 1969 жылы мал шаруашылығында комсомол бригадирі болып орналасты. 1970 жылы совхозға қайта келіп, бөлімше механигі болып жұмыс атқарды. Сол жерде жүріп сельхоз механигі болды.

1960 жылдың қазан айында отау құрды. Шу бойына барды. Шардара ауданында шөп дайындады. 1989 жылы Ақмола облысы, Астрахань ауданында шөп дайындады. Совхозда машиндвор, МТМ меңгерушісі болып істеді. 1994 жылы зейнетке шықты. Зейнетке шыққан соң Ақтөбе учаскесінде қарауыл болды. Совхоз тараған соң «Тасарық» кооперативін құрып, төрағасының орынбасары болып қызмет атқарды. «Тасарық» кооперативі тараған соң, «Қуаныш» шаруа қожалығын ашып, осы күнге дейін қожалықта жұмыс істеп келе жатыр. Отбасында 7 ұл, 3 қыз барлығы он бала болды. Балаларынан 16 немере мен шөбере сүйіп отыр. Қазір Құмкент ауылында тұрып жатыр.



ІЗ ҚАЛДЫРҒАН ЖАҚСЫЛАР

Едреев Бақтияр Беркіншеұлы 1950 жылы 3 қарашада Созақ ауданы Созақ ауылында дүниеге келген.

1957-1962 жылы Созақ ауылындағы В.И.Ленин атындағы орта мектепте, кейін әкесінің жұмысына байланысты Шу ауылындағы Ю.Гагарин атындағы сегіз жылдық мектебіне ауысады, одан 1966-1967 жылы Құмкент ауылындағы Қ.Сәтбаев атындағы орта мектепте жалғастырып, сол мектепті бітіреді. 1967 жылы Алматы халық шаруашылығы институтына оқуға түсіп, 1970 жылы әкесінің қайтыс болуына байланысты сырттай оқуға ауысып, 1976 жылы бітіріп шығады. 1970



өндірістік кооперативінің төрағасы, 1999-2001 жылдары «Ыбырай» шаруа қожалығының төрағасы. 2001-2006 жылдары Созақ ауыл әкімшілігінде салық инспекторы.

2006-2014 жылға дейін, «Оңтүстік жарық» ЖШС-де мастер болып істеді.

1914 жылдан бастап зейнетке шықты. Қазіргі таңда «Ыбырай» шаруа қожалығының төрағасы. Осы жұмыс істеген жылдары аралығында қосымша қоғамдық жұмыстар істеді. Атап айтқанда 1985-1986 жылы Созақ совхозына №2 ферманың цехтын партия ұйымының хатшысы. 1986-1987 жылдары Созақ совхозында

Тойтөбеде туылған азамат



Иманқұлы Қамбар 1942 жылы 3 ақпанда Өзбекстанда Ташкент, Тойтөбе деген жерде «Қызылбайрақ» колхозында туылды. 1943 жылы әкесі дүниеден озды. Бір жасында әкесінен қалды. Отбасында анасы, әпкесі, ағасы төртеуі болдық. 1949 жылы бірінші сыныпқа оқуға барды. Қызылбайрақ колхозында үшінші сыныпқа дейін қазақ сыныбында оқыды. 1951 жылы Ақангара ауданына, Телау селосына көшіп барды. Ол жерде қазақ сыныбы болмағандықтан орыс сыныбында оқыды. 1958 жылы 7 сыныпты бітіріп, Қазақстанға көшіп келді. Содан 7 сыныптан кейін оқымады. 16 жасында Құмкент совхозының 4 фермасында жұмысшы болып қара жұмыс істеді. 1958 жылдың желтоқсан айында МТМ-да тракторлар курсы ашылып, сол жерде 3 айлық курсты оқып бітірді. Сөйтіп 1959 жылы наурыз айынан бастап трактор роліне отырып темір тұлпарды тізгіндеді. 1965 жылы қараша айында әскер қатарына аттанып, Калуга облысында әскери борышын абыроймен өтейді. 1968 жылы әскерден оралды. 1965 жылы Шолаққорғанда жүргізушілік курс оқыды.

1971 жылы отбасын құрап үйленеді. Ауылда 1979 жылы №1 фермада тракторшылар бригадасының бригадирі болды. Сол жұмыспен 2005 жылы зейнетке шықты. 1 қыз, 4 ұлы бар. Өзінен туған балаларынан 16 немере, 3 шөбере сүйіп отырған бақытты ата. Жолдасы Тоқмырзаева Сырғаш екеуі қара шаңырақта үшінші балаларының қолында тұрып жатыр.

жылдың қаңтар айынан 1971 жылдың қазан айына дейін, Созақ совхозының құрылыс бригадасында құрылысшы болып еңбек жолын бастайды. 1971 жылдың қазан айынан 1978 жылғы қыркүйек айына дейін Созақ шаруашылық магазинінде бухгалтер ревизор, директордың орынбасары болып жұмыс істейді. 1978 жылдың қазан айынан 1980 жылдың қыркүйек айына дейін Созақ ауылындағы СПТУ-134 училищесінде есепшілер дайындайтын курста бухгалтерлік есеп пәнінен мұғалім болып істейді.

1981-1985 жылдары материалды бухгалтер, 1985-1986 жылдар

аралығында совхоздың №2 фермасында аға бухгалтер, 1986 жылдың тамыз айынан 1986 жылдың қараша айына дейін бас бухгалтердің қасында стажер болып жұмыс атқарды. 1986 жылдың қараша айынан 1987 жылдың қыркүйек айына дейін совхозда аға экономист болып істеді. 1987 жылдың қыркүйек айынан 1992 жылдың қыркүйек айына дейін «Сызған» совхозында бас бухгалтер болып қызмет етті. 1992 жылдың қыркүйек айынан 1996 жылдың қараша айына дейін Созақ аудандық ауыл шаруашылық басқармасында бас есепші, 1996-1999 жылы «Ынтымақ»

бақылау комитетінің төрағасы.

1987-1992 жылдары «Сызған» совхозында Қозмолдақ сайлау учаскесінің төрағасы сонымен қатар, цехтың партия ұйымының хатшысы.

1996-2004 жылдары «Ынтымақ» сайлау учаскесінің төрағасы.

2023 жылдан бүгінге дейін «Ыбырай» ауылындағы «Құрманғазы» атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп жанындағы қамқоршылық кеңестің мүшесі. 1973 жылы Орынова Күлайрамен отбасын құрды. 2 ұл, 3 қызы бар олардан қазіргі таңда 28 немере 9 шөбере көріп отырған бақытты қария.

Үшінші Дәрежелі «Еңбек даңқы» орденінің иегері

Қарабек Күзембай 1950 жылы 10 наурызда «Ынтымақ» ауылында дүниеге келген.

1958 жылы «Ынтымақ» бастауыш мектебінің 1 сыныпты сонда оқыған.

1959-1968 жылдар аралығында «Созақ» ауылындағы Ленин атындағы орта мектепті бітіріп шығады. 1968-1969 жылы «Созақ» совхозының 2 фермасында көмекші шопан болып жұмыс істейді. 1969-1971 жылдар аралығында армияда болады. Хабаровскіде болған. Армиядан келген соң 1971 жылы Созақ селосында СПТУ-134 училищесінде оқып, «Механизатор» мамандығын алып шығады. 1972-1997 жылдар аралығында Созақ совхозының №2 фермасында механизатор болып жұмыс істейді. Өзінің еңбекқорлығының арқасында аянбай еңбек еткені үшін Үшінші дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденімен марапатталды. 1985 жылы аудандық мәслихатқа депутат болып сайланады. 1971 жылы үйленген. 3 ұл, 5 қызы бар. Олардан 7 немере сүйіп отырған отбасына үлгілі ақсақал болып отыр. 1997-1999 жылдар аралығында «Ынтымақ» өндірістік кооперативінде тракторист болып еңбек етті. 2013 жылдан бастап зейнеткер. Қазіргі таңда осы өзі туып өскен «Ыбырай» ауылында тұрып жатыр. Елге, ағайын туысқа қадірлі ақсақалдардың бірі.



Еңбек жолын көмекшіден бастаған

Ибралиев Жұмабек 1949 жылы 20 наурыз «Ынтымақ» ауылында дүниеге келген. 1956-1960 жылдары «Ынтымақ» бастауыш мектебінде оқыған. 1960-1966 жылдары Созақ ауылындағы Ленин атындағы мектепті бітіріп шығады. 1966-1969 жылдары «Созақ» совхозының 2 фермасында аға шопанның көмекшісі болып алғашқы еңбек жолын бастайды. 1969 жылы Шолаққорған ауылындағы шоферлық курста оқып, «Шофер» мамандығын алып шығады. 1969-1997 жылдар аралығында өзі туып өскен Созақ қаракөл қой совхозына қарасты «Ынтымақ» бөлімшесінде аянбай қажырлы еңбек етеді. 1997 жылы «Созақ» ұжымшары төрағасынан кейін «Ынтымақ» өндірістік кооперативінде кооператив төрағасы еңбек етеді. 2012 жылы зейнетке шыққанша өз жеке шаруасымен айналасқан.

Елдің, ауылдың ішінде қатарларының арасында құрметті азамат. 1968 жылы үйленіп 10 ұл-қыздарынан 30 немере, 10 шөбере көріп отырған үлгілі семья. Ұрпақтарының бәрі үйлі-барында болып, елдің, әке-шешесінің құрметіне ие болып, көпке өнегелік танытуда.



Еңбекке ерте араласқан азамат

Қалмағанбетов Мырзахан 1962 жылы 13 маусымда Тасты ауылында дүниеге келген. Әкесі Қалмағанбетов Қонысбек пен анасы Аймағанбетова Сарақұл отбасында екі ұл, бір қыз болып тәрбиеленеді. Мырзекең 1969 жылы қыркүйек айында Тасты ауылындағы «Абай» атындағы жалпы орта мектебіне бірінші сыныпқа қабылданып, 1979 жылы аталған мектепті ойдағыдай бағамен бітіреді. Алғаш еңбек жолын 1979 жылы «Тасты» қаракөл қой совхозындағы мал сою цехында жұмысшы болып бастайды. 1983 жылы ауылдағы жарықтандыру мекемесіне elektrik қызметіне ауысады. 1995 жылы орталық дүкенде сатушы болып қызмет атқарады. 1997 жылы «Абай» атындағы жалпы орта мектебіне директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары қызметіне тағайындалды. 2005-2007 жылдар аралығында Шымкент аграрлық колледжіне оқуға түсіп, «Экономика, бухгалтерлік есеп және аудит» мамандығын алып шықты.

Еңбек еткен жылдары ішінде Мырзахан Қонысбекұлы аудан әкімінің Алғыс хатымен, ауыл әкімінің мақтау қағаздарымен, облыстық және аудандық кәсіподақ комитетінің Құрмет грамоталарымен марапатталды. Міне, осы күнге дейін Тасты ауылындағы жалғыз мектеп-Абай атындағы жалпы білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесінде жұмыс атқарып келеді. Отбасында жұбайы Ысқақова Дариға Есенғалиқызы екеуі өмірге екі ұл, бір қыз әкеліп, тәрбиелеп өсіріп, ұлын ұяға, қызын қиясына қондырып отыр. Құдай қосқан жан жары Дариға мектепте жұмыс атқарады. Үлкен ұлы Әділхан жеке кәсіпкерлікпен айналысады. Екінші ұлы Мырзахмет Шымкент қаласында тұрады. Өндіріс саласында бұрғылаушы болып жұмыс жасайды. Қызы Гүлшарат Абай атындағы жалпы орта мектебінде мұғалім. Ұл-қыздарынан 15 немере сүйіп отырған бақытты ата мен әже.

Беттерді дайындаған: Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Бәріміздің білгеніміз жөн

Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 2 сәуірдегі № 261-IV «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңында мемлекеттік сот орындаушысы – мемлекеттік қызметтегі және атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындатуға бағытталған шараларды қабылдау бойынша өзіне заңмен жүктелген функцияларды орындайтын лауазымды адам, ал жеке сот орындаушы – атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі қызметпен айналысу құқығына уәкілетті орган берген лицензия (бұдан әрі – жеке сот орындаушысының лицензиясы) негізінде, заңды тұлға құрмай атқарушылық құжаттарды орындау бойынша жеке практикамен айналысатын Қазақстан Республикасының азаматы екендігі айтылған. Атқарушылық іс жүргізу – бұл борышкерден атқарушылық санкциясын атқарушылық іс жүргізу бойынша өсімпұлдарды, шығыстарды, жеке сот орындаушысының қызмет ақысын өндіріп ала отырып, атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындатуға бағытталған шаралар.

Заңның 47-бабында атқарушылық іс жүргізуді тоқтату-
дың негіздері мен салдары туралы түсіндіріп өткен

1. Атқарушылық іс жүргізу, егер:

1) өндіріп алушы өндіріп алудан бас тартса:

1-1) берешекті қайта құрылымдау туралы келісімді бекіту туралы сот ұйғарымы заңды күшіне енсе:

2) өндіріп алушы мен борышкер бітімгершілік келісімін асасса және оны сот бекітсе:

2-1) атқарушылық іс жүргізу тараптары медиация тәртібімен дауды реттеу туралы келісім жасасса;

3) шешімде белгіленген талаптар немесе міндеттер өндіріп алушы немесе борышкер болып табылатын азамат қайтыс болғаннан кейін қайтыс болған адамның құқықтық мирасқорына ауыспайтын болса;

4) борышкерді белгілі бір әрекеттерді жасауға міндеттейтін атқарушылық құжатты орындау мүмкіншілігі (белгілі бір әрекеттерді жасаудан тартыну) жоғалса;

5) тиісті органның атқарушылық құжатты бергенде негізге алынған шешімінің күші жойылса:

5-1) соттың сот арқылы банкроттық рәсімін аяқтау және банкроттың кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізілген кредиторға қатысты сот арқылы банкроттық рәсімі барысында орындалмаған міндеттемелерін тоқтату туралы шешімі немесе соттың төлем қабілеттілікті қалпына келтіру жоспарын бекіту туралы ұйғарымы заңды күшіне енсе:

6) өндіріп алушы немесе борышкер болып табылатын заңды тұлғаны тарату аяқталса, құқықтық мирасқоры болмаған кезде не атқарушылық құжат борышкер болып табылатын заңды тұлғаның тарату комиссиясына орындау үшін жіберілсе, борышкерді банкрот деп тану туралы сот шешімі немесе оңалту жоспарын бекіту туралы сот ұйғарымы заңды күшіне еңсе;

7) атқарушылық құжаттың өндіріп алу немесе өзге де талабы толық көлемде орындалса:

7-1) кәмелетке жасы келгеннен кейін алименттер өндіріп алу туралы атқарушылық іс жүргізу бойынша бәрешегі болмаса;

8) заттарды өндіріп алушыға беру туралы атқарушылық құжатты орындау кезінде өндіріп алушы борышкерден алып қойылған заттарды алудан бас тартса;

8-1) мүлктік тәркілеу туралы атқарушылық қажаттың орындалуы барысында борышкерде мүлкі, оның ішінде ақшасы, бағалы қағаздары немесе табысы болмаса, сот орындаушысы қабылдаған, оның мүлкін немесе табысын анықтау жөніндегі заңда көзделген шаралардың барлығы нәтижесіз болса:

9) Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 354-бабы бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген негіз бойынша қайта құрылымдауды тоқтату туралы соттың шешімі заңды күшіне еңсе;

10) ипотека “Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы” Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына сәйкес тоқтатылса, тоқтатылады.

2. Атқарушылық іс жүргізу тоқтатылған жағдайларда сот орындаушысы бір тәуліктің ішінде бұл туралы қаулы шығарады. Тиісті белгісімен атқарушылық құжатты не оның көшірмесін сот орындаушысы сотқа немесе құжатты берген басқа органға жібереді.

Атқарушылық іс жүргізудің тоқтатылуымен бір мезгілде мәжбүрлеп орындату шараларының күші жойылуға тиіс. Осы баптың 1-тармағының 1), 2), 2-1) және 7) тармақшарының негізінде тоқтатылған, орындалғаннан кейін атқарушылық санкция, орындау бойынша шығыстар, өсімпұл және жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу сомасы өндіріп алынуға жататын атқарушылық қжаттар бойынша орындалуын қамтамасыз ету шараларының күші олар өндіріліп алынғаннан кейін ғана тоқтатылуға тиіс.

Борышкер төлемді “электрондық үкіметтің” төлем шлюзі және атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесімен интеграцияланған төлем жүйелері арқылы жүзеге асырған жағдайда, атқарушылық іс жүргізуді тоқтату электрондық нысанда түзіледі және мәжбүрлеп орындату шаралары автоматты түрде тоқтатылады.

Сот орындаушысының іс жүргізу тоқтатылған атқарушылық құжатты орындау жөніндегі әрекеттері заңсыз деп танылған жағдайларды қоспағанда, тоқтатылған атқарушылық іс жүргізуді қайта бастауға болмайды.

Бердибай АБЛАЕВ,

Кентау қаласының ауданаралық мәжбүрлеп орындату аумақтық бөлімінің сот орындаушысы.

Азаматтық іс жүргүз-бұл сот пен басқа субъектілер арасындағы азаматтық істі қарау мен шешу кезінде тундайтын азаматтық іс жүргізу құқығының нормаларымен реттелген процессуалдық әрекеттер жиынтығы. Іс жүргізудің басты мақсаты-бұзылған құқықты қалпына келтіру немесе заңмен қорғалатын мүддені қорғау.

Қазақстан Республикасының азаматтық сот ісін жүргізу туралы заңнамасы

сы Азаматтық процестік кодексінің 4 бөлімі ерекше іс жүргізу тәртібімен қарауға жататын арыздардың тізбесін, өтініштерді қарау тәртібін реттейді. Ерекше іс жүргізу тәртібімен қаралатын істер тізімі осы кодекстің 302-бабының 1-бөлігінде көзделген. Олардың қатарында, сондай-ақ жиі қаралатын заңдық маңызы бар фактілерді анықтау; бала асырап алу; азаматты хабарсыз кетті деп тану; азаматты қайтыс бол-

мен ұйымдар ерекше іс жүргізудегі істер бойынша мүдделі тұлғалар болып табылады. Істердің соттылығы біршама басқаша анықталды, ал сотқа талап қою емес, арыз беріледі. Ерекше іс жүргізілетін істер Азаматтық процестік заңнамада белгіленген ерекшеліктермен қоса, талап қою ісін жүргізу қағидалар бойынша қаралады. Сот істі сот талқылауына дайындау аяқталған күннен бастап бір айға

Ерекше іс жүргізу тәртібімен қарау

азаматтық, отбасылық, еңбек, тұрғын үй, қаржы, шаруашылық, жер және басқа құқықтық қатынастардан туындайтын даулар бойынша істерді, сондай-ақ, ерекше жүргізілетін істерді қарау тәртібін белгілейді. Осы мақсатта азаматтық процестік заңнама соттың қарауына жататын азаматтық істерді бұйрық арқылы, талап қою, ерекше талап қою, ерекше іс жүргізу тәртібімен қарауды көздейді.

Ерекше іс жүргізу-арнайы соттың азаматтық санаттағы істеріне жатқызылған, құқық туралы дауы жоқ және қорғаудың арнайы құралдар мен тәсілдерді қолданумен сипатталатын азаматтық іс жүргізудің дербестүрі. Сот заң фактілерін айқындау арқылы азаматтар мен ұйымдардың заңды мүдделерін қорғауды жүзеге асырады. Қазақстан Республика-

ды деп жариялау; азаматтың әрекет қабілеттілігін шектеу, азаматтық хал актілері жазбаларының дұрыс еместігін анықтау сынды істер бар. Құқық туралы даулар үшін арнайы әзірленген сот ісін жүргізудің жалпы ережелері ерекше іс жүргізу істеріне қолданылмайды. Мысалы, арыз беруші талап қоюды қамтамасыз ету туралы арыз бере алмайды, сондай-ақ істі татуласу келісімін, медиация тәртібімен реттеу туралы келісімін бекіту арқылы істі тоқтату мүмкіндігі қарастырылмаған. Істі ерекше іс жүргізу тәртібімен шешу арқылы құқықтары немесе заңмен қорғалатын мүдделері қорғалуы мүмкін азаматтар мен заңды тұлғалар ғана арызданушы бола алады. Арыз берушінің өтінішін қанағаттандыру нәтижесінде құқықтары мен мүдделері қозғалуы мүмкін азаматтар

дейінгі мерзімде қарап, шешеді. Егер арыз берген немесе істі ерекше іс жүргізіп қарау кезінде соттың ведомстволығына қққығы туралы даудың бар екендігі туралы белгілі болса, сот арызды қараусыз қалдыру туралы ұйғарым шығарады. Бұл ұйғарымда тараптар мен мүдделі тұлғаларға талап қою ісін жүргізу тәртібімен сотқа жүгіну қққығы түсіндіріледі. Азаматтарға қққық белгілейтін ққжаттарды беру кезінде жіберетін қателіктер салдарынан, сондай-ақ қққық белгілейтін ққжаттар жоғалғандықтан азаматтар сотқа заңдық маңызы бар фактілерді анықтау туралы арыздармен жүгінуге мәжбүр болады.

**Д.АБДИЕВА,
Созақ аудандық сотының
бас маманы сот
мәжілісінің хатшысы.**

Сыбайлас жемқорлықпен күрес-қоғам талабы

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес-мемлекетіміздің бірден-бір қолға алған факторларының бірі. Сыйбайлас жемқорлықпен күрес-қоғам талабы. Мінсіз қоғам—жемқорлықсыз қоғам, салауатты өмір—парақорларсыз өмір, мықты мемлекет—жемқорларсыз мемлекет. Еліміз елу елдің қатарына ену үшін аяқ басқанда айналамызды ашкөз алаяқтардан аласаң, қоғамды тазарту—азаматтық міндетіміз. Сыйбайлас жемқорлықпен күресу—қоғамдағы әрбір тұлғаның азаматтық борышы. Қоғамның мүшесі ретінде барлығымыз бір адамдай жемқорлықпен күрес жүргізуіміз қажет.

Мемлекеттік қызметшілердің қққық бзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі мен жеке басының қамын ойлауы да аталмыш қоғам дертінің бірден-бір салдары.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне мүлде қасмайтын әлемдегі қаншама мемлекеттің қай-қайсысы болмасын алаңдатып отыр. Сондықтан дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеуіміз керек.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін ҚР-ның әрбір азаматының іс-әрекеті үлкен маңыға ие. Оның шектен тыс орын алуына пара алушылар ғана емес, пара берушілерде әсер ететінін ескергеніміз абзал.

М.РЫСБЕК,
ҚР АШМ Ветеринариялық
бақылау және қадағалау коми-
тетінің Созақ аудандық ау-
мақтық инспекциясының бас
маман инспекторы.

Жемқорлық- қоғам дерті

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселенің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады. Ел Президентінің қай Жолдауын алсақ та осы мәеле күн тәртібінен түскен емес. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тиізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі. Бүгінде барлық мемлекеттік органдарда сенім телефондары үздіксіз жұмыс жасап тұр. Бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік қызметтердің көрсетілуі туралы мақалалар жариялануда. Мемлекеттік органдардың қызметшілері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы тағылымдамалар, дәрістер, семинарлар өткізілуде. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда ұрпақпен жұмыс істеу қажет. Адамды бала кезінен қазақстандық патриотизм мен сыбайлас жемқорлықты қабылдамау рухында тәрбиелеу керек.

Сәбит АЙСЕКЕНОВ,
Аудандық кірістер басқармасы салықтық
әкімшілендіру және өндіріп алу бөлімінің
басшысы.

Созақ аудандық мәслихаты
ШЕШІМ

19 наурыз 2025 жыл №174

Созақ аудандық мәслихатының 2023 жылғы 27 желтоқсандағы
«Учаскелік сайлау комиссиялары құрамын сайлау туралы» №82
шешіміне толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының 10 бабына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес, Созақ аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Созақ аудандық мәслихатының 2023 жылғы 27 желтоқсандағы «Учаскелік сайлау комиссиялары құрамын сайлау туралы» №82 шешіміне толықтырулар енгізіліп, ұсынылып отырған құрамы қосымшаға сәйкес сайлансын. (қосымша жалғасады).

2. Осы шешім бұқаралық ақпарат құралдарына жариялансын.

Аудандық мәслихат төрағасы

О.Жәмиев

Созақ аудандық мәслихатының
2025 жылғы 19 наурыздағы
№174 шешіміне қосымша
Созақ аудандық мәслихатының
2023 жылғы 27 желтоқсандағы
№82 шешіміне қосымша

Учаскелік сайлау комиссияларының құрамы:
№ 693 сайлау учаскесі бойынша

Орналасқан жері: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылдық округі, Шолаққорған ауылы, Абылай хан көшесі №3, Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің «А.Байтұрсынов атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

1. Суранышбекова Агерке Нағашбековна – Созақ аудандық №2 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің іс-жүргізушісі, «Ардагерлер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Созақ аудандық филиалының өкілі.

№ 698 сайлау учаскесі бойынша

Орналасқан жері: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Құмкент ауылдық округі, Құмкент ауылы, К.Берденхлы көшесі №14А, Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің «Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

1. Бекжанов Аюжан Бегманович- Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-гимназиясының мұғалімі, «Желтоқсан ардагерлері» қоғамдық бірлестігінің өкілі.
2. Жаманбаев Маргарита Мадияровна- Құмкент ауылдық округі әкімі аппаратының мұрағатшысы, «Созақ ауданының мүгедектері» Қоғамдық бірлестігінің өкілі.

№ 700 сайлау учаскесі бойынша

Орналасқан жері: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Құмкент ауылдық округі, Құмкент ауылы, Жылыбұлақ көшесі нөмірсіз, Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Созақ аудандық №1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Суханов Исатай Базарбаевич-Құмкент ауылдық спорт кешенінің бокс жаттықтырушысы, «Желтоқсан ардагерлері» қоғамдық бірлестігінің өкілі.

№ 717 сайлау учаскесі бойынша

Орналасқан жері: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Тасты ауылдық округі, Тасты ауылы, Қазақстан көшесі №14, Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің «Абай атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

1. Жүсіпов Ерлан Әріпбайұлы – мал дәрігер, «Желтоқсан ардагерлері» қоғамдық бірлестігінің өкілі.

№ 723 сайлау учаскесі бойынша

Орналасқан жері: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент кенті, І.Кеңесбаев көшесі №136, Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің «Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

1. Алшынбеков Айдархан Мұратұлы- Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектебінің директоры, «Созақ ауданының мүгедектері» Қоғамдық бірлестігінің өкілі.

Созақ аудандық мәслихаты
ШЕШІМ

19 наурыз 2025 жыл №175

Созақ аудандық мәслихатының 2023 жылғы 17 қаңтардағы
«Округтік сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау туралы»
№163 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының 10 бабына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес, Созақ аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1.Созақ аудандық мәслихатының 2023 жылғы 17 қаңтардағы «Округтік сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау туралы» №163 шешіміне өзгерістер енгізіліп, ұсынылып отырған құрамы қосымшаға сәйкес сайлансын. (қосымша жалғасады).

2. Осы шешім бұқаралық ақпарат құралдарына жариялансын.

Аудандық мәслихат төрағасы О.Жәмиев

Созақ аудандық мәслихатының
2025 жылғы 19 наурыздағы
№175 шешіміне қосымша
Созақ аудандық мәслихатының
2023 жылғы 17 қаңтардағы
№163 шешіміне қосымша

Округтік сайлау комиссиясының құрамы:

№12 Жуантөбе сайлау округі бойынша

Орталығы-Созақ ауданы, Жуантөбе ауылдық округі, Жуантөбе елді мекені, Б.Достайұлы көшесі, №35 ғимараты, «С.Сейфуллин атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: №715 Жуантөбе, №716 Қоңыратарық, №717 Тасты, №718 Қылти, №719 Шу сайлау учаскелерінің аумағы.

1. Онбаев Ақберген Бахрамұлы- Зейнеткер, «Созақ ауданының мүгедектері» қоғамдық бірлестігінің өкілі.

Ақын, ұстаз, республикалық «Комсомол-69» байқауының
лауреаты Жеңіс Қарғабаевтың туғанына 80 жыл толуына
орай өткізілетін «Найзағайдай намысыма сүйендім!» атты
III-ші аудандық ақындар мүшайрасының ережесі

Құрметті жерлестер!

Созақ аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен 2025 жылы 14 мамырда аудандық «Мыңжылқы» мәдениет сарайында «Найзағайдай намысыма сүйендім!» атты III-ші аудандық ақындар мүшайрасының өтетіндігін хабарлаймыз!

Жыр мүшайрасының мақсаты мен міндеті:

-Ақын, ұстаз, республикалық «Комсомол-69» байқауының лауреаты ақын, ұстаз Жеңіс Қарғабаевтың туғанына 80 жыл толуына орай өскелең ұрпақты ұлттық ата-дәстүр рухына баулу арқылы ақындардың шығармашылығын шыңдау. Рухани, мәдени құндылықтарды келешек ұрпаққа жеткізу және тәуелсіз елдің дарынды таланттарын анықтау.

Мүшайраға 18 жастан ақындар қатысу мүмкіндігіне ие! Осымен үшінші рет өткізіп отырған дәстүрлі мүшайра ауданымыздың арқалы ақындарын тағы да ала-



ман жыр додасында өз бақтарын сынауға шақырады. Бұл жолғы мүшайраның алтын қазығы, жыр арқауы –ақын, ұстаз Жеңіс Қарғабаевтың өмірі мен шығармашылығын насихаттау. Тақырып ақынның өміржолы, шығармашылық жолын тебірене жырға қосу арқылы қазақ поэзиясының қоржынына қомақты олжа салу.

Ақын-жазушыларымыз ақын бейнесін ұлы оқиғалармен ұштастыра отырып, ірі шығармалар тудырса деген тілегіміз бар. Келістіре жырлап, көркем шығарма тудыру әр ақынның өз шабытына, шама-шарқына байланысты. Ендеше, маңдайы жарқыраған жұлдызды жүйріктерді өнер мәресінде күтеміз! Мүшайраға еш жерде жарық көрмеген поэмалар, әңгімелер, естеліктер, толғаулар, топтама өлеңдер 2025 жылғы 12 мамырға дейін қабылданады. Мүшайра қорытындысы 14 мамырсәрсенбі күні жарияланып, марапаттау рәсімі өтеді. Үміткерлер шығармасын компьютерде теріп, бір данасын «Созақ үні» газеті редакциясына жіберуі керек немесе Sozak_Kargabay@mail.ru электронды поштаға жолдауға болады. Автордың аты-жөні, мекен-жайы, байланыс телефоны міндетті түрде көрсетілуі тиіс. Тел: WhatsApp: 8-702-782-25-69.

Хабарландыру

«Уранкуат» ЖШС-нің Таукент филиалы тұтынушылардың алдында 2024 жылдың қорытындысымен жылдық есеп беру үшін жария тыңдау өткізетіндігін хабарлайды.

Жылдық есеп тұтынушылардың алдында төмендегі қызмет түрлері бойынша өткізіледі:

-Электр энергиясын тасымалдау;

-Суды беру және сарқынды суды бұру;

-Инвестициялық бағдарламаның орындалуы.

Жария тыңдау мына мекен жайда өтеді: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент кенті, Қанжуған кеніш аймағы, «Уранкуат» ЖШС-нің Таукент филиалының ғимаратында, 2025 жылы 25 сәуір, сағат 10-00 де өткізіледі.

Бруцеллез аурушаңдығы

Жануарлар мен адамдарға ортақ өте ауыр жұқпалы ауру. Бұл аурумен барлық ауыл шаруашылығы және үй жануарлары ауырады. Негізінен аурудың таралуында ұсақ және ірі қара мал маңызды рөл атқарады, әсіресе ұсақ малдар (қой мен ешкі) аурудың ауыр түрлерін таратады. Ал ірі қара малдағы сарып ауруы қоздырғышы (ұсақ мал сарып қоздырғышымен салыстырғанда) адам үшін аса қауіпті емес және ауру ағымы жеңілрек болады. Сарып қоздырғышы жануарлар ағзасында өмір сүріп, көбейеді және сыртқы ортаға сүт, зәр шығару, төлдеу мен түсік арқылы бөлінеді. Сыртқы ортада сарып қоздырғышы көпке дейін өмір сүреді. Мысалы, суда, топырақта, шөпте үш айға дейін, ірімшікте – 70 күнге дейін, етте – 40 күн, кептірілген және мұздатылған өнімдерде бірнеше ай бойы өмір сүре алады. Ал жоғары температураға сарып қоздырғышы өте сезімтал келеді және қайнату кезінде бірнеше секундта өледі. Адамдарға бұл ауру малдарға қарау кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтамаудан, ауру қоздырғышы бар ет, сүт және олардың өнімдерін (қайнатпай) тамаққа пайдаланудан жұғады. Мал шаруашылығымен айналысатын барлық жеке және заңды тұлғалар қолдағы барлық малдың қанын зертханалық тексеруден өткізіп отыруы, әсіресе жаңадан сатып алған (әкелген) малды міндетті жергілікті әкімдікке тіркетуі, ветеринариялық ұйымдарға хабарлауы және олардың қанын міндетті тексертулері тиіс. Сондықтан, мал иелеріне ветеринариялық-санитариялық талаптарды сақтаудың аса маңызды міндет екенін ескерте отырып, «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол іздеу» қажеттігіне баса назар аударғанын қалаймыз.

Х.ОСПАНОВ,

Созақ аудандық СЭБ басқармасының басшысы.

«Созақ үні» газетінің ұжымы осы мекеменің есепші қызметкері Бекжігітова Гүлжан Оразбекқызына сіңісі

Оразбекова Толқын Пердебекқызының және ағасы

Нұржігітұлы Қалибектің

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.

«Созақ үні» газетінің кәсіподақ ұйымы.

Сексеуілді қорғайық

Ауданымыздағы табиғатты қорғау және күзету бағытында жұмыс жасайтын мекемелердің бірі – «Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі». Жергілікті табиғатымыздың флорасы мен фаунасын қорғау мен күзетуді жоғары қоятын бұл мекеме қызметкерлері бүгінгі күні тынбай еңбек етуде. Орманшы жігіттер жоспар бойынша тыңғылықты жұмыстар атқарып келеді. Жылда сексеуілді қорғау жұмыстарын үрдіске айналдырып алған мекеме жігіттері бұл науқан кезде әрдайым ұйымшылдық көрсетеді. Ешкім тиіспесе орманға айналатын шөлге шыдамды бұл ағаш түрі тек табиғаттың қолдауымен өсіп-өнеді және бұл өсімдіктің биіктігі 7 метрге дейін жетеді екен. Алайда бүгінгі күні бұл өсімдіктің қас жауы адамзат болып отыр. Сондықтан мемлекетіміз оны кесуге қатаң тыйым салса да, кейде базарлардан және кәуап пісіретін орындардан жиі көріп қаламыз.

Дегенмен де сексеуілдің отаны аталатын біздің ауданымызда бүгінгі күні жас сексеуілдер табиғат пен жанашыр адамдардың көмегімен бой көтеріп қалғаны қуантады. Бойымызға жылу, табиғатымызға сән беретін сары сексеуілімізді әрбір адамзат қорғай білсек, отын қорымыз ұлғая беретіні сөзсіз.

Мақсат ЖҰМАБЕКОВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман шебері.

Жарамсыз деп танылсын

Тажибаев Марат Галимжановичтің иелігіндегі «Ауди» В-4 маркілі автокөлігінің техникалық төлқұжаты жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

АИТВ жұқпасы туралы не білеміз?

АИТВ - адамның иммун тапшылығы вирусының, яғни адамның иммунды жүйесін зақымдайтын вирустың қысқартылған атауы. Адамның иммундық жүйесін зақымдай отырып, басқа инфекциялық аурулардың дамуына ықпал етеді. Өйткені адамның иммундық жүйесі әлсіз болғандықтан, ауру туғызатын микроорганизмдермен күресуге қабілеті төмендейді. АИТВ жұқтырған адам сау адамға мүлде қауіп тудырмайтын микроорганизмдерге өте сезімтал болып келеді. Иммун тапшылығы вирусы адамнан адамға жұғады. АИТВ адамнан адамға үш жол арқылы беріледі: қан арқылы, жыныстық қатынас және тігінен (анасынан баласына жүктілігі, босану кезінде және ана сүтімен). Инфекция масаның шағуы, қол беріп амандасу, сүйісу, жүзу бас-сейіндерінде шомылу арқылы берілмейді.

Бастапқыда ауру білінбейді. Көпшілік жағдайда АИТВ жұқтырғанын және басқаға қауіп төндіретіні туралы біле бермейді. Жұқтырған адам көбіне ауру жұқтырғанын сезбей де қалады. Бірнеше апта өткен соң ғана тұмауға ұқсас белгілер пайда бола бастайды (дене қызуы көтеріледі, тері бетінде бөртпелер шығады, лимфа түйіндері үлкейеді, іші өтеді). Вирус жұқтырған адам көп жыл бойы өзін сау адамдай сезінеді. Бұл аурудың жасырын кезеңі деп аталады. Бірақ бұл кезде адам ағзасында өзгеріс болмады деуге болмайды. Ауру қоздырғыш, оның ішінде АИТВ адам ағзасына енеді, иммундық жүйе иммундық жауап құрайды. Ауру қоздырғыш-

ты жоймақшы болып әрекеттенеді. Ол үшін иммундық жүйе антидене өндіреді. Антидене ауру қоздырғышты жоюға көмектеседі. Сонымен қатар қанның арнайы ақ жасушасы (лимфоцит) ауру тудырғыш агентпен күреседі. Өкінішке орай АИТВ-мен күресуде бұл жеткіліксіз, иммундық жүйе АИТВ жеңе алмайды, ал өз кезегінде вирус иммундық жүйені бұзады.

Вирусты жұқтырған адам ЖИТС-ке ұшырады деуге болмайды. ЖИТС-ке ұласуына ұзақ жыл өтеді (орта есеппен 10-12 жыл). АИТВ инфекциясын немесе ЖИТС-пен ауырған адам «Қанша жыл өмір сүремін?» және «Ауруым асқынған ба?» деген сұрақтар қояды.

АИТВ жұқтырып алмау үшін қарапайым ережелерді сақтауыңыз қажет: есірткі заттарын пайдаланбаңыз және бірнеше адам пайдаланған шприцті қолдануға болмайды, қорғаныс құралдарынсыз кездейсоқ жыныстық қатынасқа түспеу керек, жыныстық қатынас арқылы берілетін ауруларды емдеу қажет, жүктілік кезінде дәрігердің бақылауында болу, өзіңіздің статусыңызды білу үшін АИТВ тестіден өту. Зерттеуді емханада анонимді түрде өтуге болады.

Өзіңізді және балаларыңызды сақтаңыздар, дендеріңіз сау болсын!

К.ӘБІШБЕКОВ,
«Созақ аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК
иммунологы.

Мына зырлаған, тынымсыз тіршілікте адамның табиғаты, мінез-құлқы әртүрлі ғой. Өзінен жасы кіші жандарды бауырына тартып, үлкендігін көрсетіп жүретін жандар да аз емес. Төменде әңгімелегелі отырған, мен үшін қымбат, орны бөлек жан – Орынбек аға да сондайлардың санатынан еді. Бүгінде о дүниелік болған марқұм көзден кетсе де, көңілден өшпейді.

Бұрыннан сырттай білетін аға кездескен сәтте жақын тартып тұратын. Онысын үлкендігіне балап, уақтысында мән бермеген екенбіз. Оған кейіннен көзіміз жетті. «Бақсақ, бақа екен» демекші, ол кісі сыйлас, аға-досым Құрмаштың жақын туысы екен. Түрлі қызықшылықтарда дастархан басында жүздесіп жүріп, соңында ағалы-інідей сыйласып кеттік.

Әншейінде томаға тұйық, жұмбақтау көрінетін Орекең сөйлесе келсеңіз пейілі кең, жаны жомарт, кішіпейіл, ақкөңіл, жүрегі жұмсақ жан-тұғын. Кішіні өзіне жақын тартып тұратыны ұнап, оны аға тұтып кеттім. Көптен хабарласпай кетсем, өзі телефон соғып, «кеңінен отырып әңгімелесейікте» деп шақырып алатын.



Өрісті өнеге-әкенің аманаты

Әңгімешіл, көп білетін, ең бастысы, әңгімеміз жарасатын. Өнерге біртабан жақындығы, оның үстіне кештеу болса да қолына қалам алып, өлең жазатындығын білгендіктен де ол кісіге деген құрметіміз ерекше болатын.

Сөйтіп жүргенде, шамасы 2011 жылы болуы керек, ағаның «Көңіл толғауы» атты кітабы баспадан шықты. Автор бұл еңбегінде өмірі, бірге өскен достары, туған елі мен жері жайында келелі ой толғайды. Жинаққа арнау өлеңдері де енген. Жүз қаралы өлеңін оқырмандарға ұсынған.

Өз аузынан естігеніміздей, әдепкі еңбек жолы комсомол қызметкері болудан басталады дағы, негізгі қалаған мамандығы есепшілік болған. Қырық жылға жуық есепші болып істепті. Осынау еңбек еткен жылдары ешқандай жаман атқа ілікпей, аудандағы іскер есепшінің қатарында жүрген. Қанша жұмысбасты болып жүрсе де, бала тәрбиесіне уақыт тауып, үш ұл мен бес қызды тәрбиелеп, өсірді. Олардың бәрі де оқыған, әдепті. Отыз шақты немересі өмірінің жалғасындай. Көзінің тірісінде ұл-қыздары, немерешөберелеріне қалдырған аманат мұрасы-«Атадан мал қалғанша тал қалсын» дегенді ұстанып, есігінің алдына сексен түп жеміс ағашын отырғызды. Бақшасына өзі баптап, еккен көкөнісінен кезінде ауыз тигенбіз. Бүгінгі күні қалың бауға айналған. Отбасының берекесі Қымбат жеңгей көпшіл, қолы ашық жан. Нұргүл атты қызын аудандық мәслихатта бірге істегендіктен білетінбіз, тәрбиелі, көргенді азаматша. Кенже ұлы Бақыт та бір сөзді уәдеге берік, ауылдастары арасында абыройлы, қарашаңырақтың иесі. Көргенді жігіт энергетика саласында еңбек етіп, ауыл тұрғындарының лайықты құрметіне бөленіп келеді. Көп сөйлемейтін, мінезі ауыр Бақыт інімізге анда-санда телефон шалып, шаруа ыңғайына орай көмек сұрайтынымыз болып тұрады.

Ендігі жерде кейіпкерімізге қайтып оралайық. Алдында кітап жайлы әңгіме бастап едік қой. Ағамыз жазуды ертерек қолға алыпты. Алайда тұрмыс бастылықпен ештеңе өндіре алмаған. Жазылған жазулары жиналмады, жыртылып қалып жатты.

Мына бір үш шумақ өлеңі есінде жатталып қалыпты. 1957 жылы аудандық газетке үш өлең жібереді. Үшеуі де бірінен соң бірі жарияланады. Олар «Өнер»,

«Өрнек», «Өлең» деп аталатын.

1928 жылы Бабатада «Еңбек» атты колхоз ұйымдастырылады. Соған алдымен атасы (өзі бабам деп атайтын), кейіннен әкесі Сары жылқы бағады. Екеуі де арабша сауатты болған көрінеді. Олар оқыған кітаптарды Орекең беріге дейін сақтап келген.

Қайбір жылы жалпыұлттық республикалық «Егемен Қазақстан» газетінде Орынбек ағамыздың Бабата ауылы мен Ысқақ баб кесенесі жайлы бір беттей көлемді жазбасы жарияланды. Автор Теріскей елі мен жерінің тарихы жөнінде тереңнен тартып, қалам тербепті. Мақаланы тұщынып, бір демде оқып шықты. Кәдімгі кәнігі журналист мамандай еркін көсіліп, өткен тарих беттерінен сыр тартқан. Қалам сілтесіне, кәдімгідей риза болдық. Көңіл көкжиегін кеңейткен дүние ойландырып, әдемі әсерге бөледі. Тапа бір өзіміз жазғандай болып, марқайып қалдық. Сол бетте телефон шалып, игі лебізімізді жеткіздік.

Аға жылқы малын жақсы көрді. Беріге дейін қолында ұстап, бағып, мініп жүрді. Көкқасқа, Күрең, Торы деген аттарын баптап, мінгенін айтып отыратын. Аң аулау мен саяхатшылықтан да хабары барды. Оған осы тақырыпқа арнап жазған өлеңдерін оқығанда анық көз жеткізгендей боласыз. Жыланды, Ақтасты, Құрбақалы, Батпақсу, Тасшабай, Мырзабай даласын есіңізге салып, тау мен тастың сырына қанықтырады. Кенже ұлы Бақытқа: «Кең мінген Торыны бұдан былай жөнді жемдеп, сылап, сипап өзің мін» деп аманат етеді. «Бұл сәйгүлік менің саған берген еншім, ұлағатты сөзім мен мүлкім болсын» дегенді де қосып айтыпты. Әке аманаты деген осы.

Қазір ойлап, пайымдасам, Орынбек ағамыз осыған дейін өзі айтқан өмір-өзенінің ағысының тоқтауы мүмкін екендігін алдын ала болжап, қолына қалам ұстаған екен-ау. Ол кісінің бойында ерекше бір қасиеттің бар екендігін байқайтын едік. Адам танығыштығы аңғарылып тұратын. Бауырмалдылығы өз алдына әңгіме етуге тұрарлық.

Ағамыздың әруағы риза болсын деген ниетпен қолымызға қалам алып, ақ қағазға естелік жаздық. Оған деген құрметімізді осылай білдіргіміз келді.

Мекеніңіз – Жұмақ, мінгеніңіз – Пырақ, қараңғы үйіңіз жарық болсын, асыл аға!

Кәрібай ӘМЗЕҰЛЫ.

2025 жылғы қаңтар-ақпанға Созақ ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуы	
	2025 жылғы Қаңтар-ақпан
Әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер	
Халық саны, адам (2025 жылғы 1 ақпанға)	62 852
Туылғандар, адам	103
Өлгендер, адам	30
Иммигранттар саны, мың адам (келгендер)	208
Эмигранттар саны, мың адам (кеткендер)	380
Еңбек рыногы және еңбекақы төлеу	
Қызметкерлердің тізімдік саны, мың адам 2024 жылдың IV тоқсаны	19 471
Бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы, теңге 2024 жылдың IV тоқсаны	588 164
Ұлттық экономика	
Негізгі капиталға инвестициялар, млн.теңге	29 946,9
Сауда	
Бөлшек сауда тауар айналымының көлемі, мың теңге	389 738
Көтерме сауданың жалпы көлемі, мың теңге	198 020
Экономиканың нақты секторы	
Өнеркәсіп өнімінің (тауар, қызмет) көлемі,мың теңге	135 659 796
Жалпы ауыл шаруашылығы өнімінің (қызметінің) көлемі, млн. теңге (мамыр)	2 410,2
Құрылыс жұмыстарының көлемі, млн. теңге	1 875,5
Іске қосылған тұрғын үйлер, м ²	3 363
Қаржы жүйесі	
Кәсіпорындардың дебиторлық берешегі, млн. теңге	526 699,5
Кәсіпорындардың міндеттемелер бойынша берешегі, млн. теңге	285 517,2
Өндірілген өнім көлемі, млн. теңге	267 531,3
¹ 2025 жылғы қаңтардағы деректер ² 2024 жылғы III-тоқсандағы деректер ірі және орта кәсіпорындар мен ұйымдар бойынша	
Созақ аудандық Статистика басқармасы.	

Сенімгерлік басқарушы: "Agro-sozak" ЖШС Меншік иесі- "Созақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Директор: Абилпаттаев Ержан Бакытжанович		Бас редактор: Теңізбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы Жауапты хатшы: Мақсат Қарғабай Редакция құрамы: Аға тілші- Данияр БЕКОВ Тілшілер- Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ Дизайнер- Асхан БАҚТЫБАЕВ Терімші- Бағила АЯЗБАЕВА Фототілші- Құрмаш КЕРІМҚҰЛОВ		Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады Индекс 64450 Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97 А-ақысы төленген		тапсырыс № таралымы - 3200 дана Кезекші редактор: М.Қарғабай.
---	--	---	--	--	--	--